

ӘОЖ 398(4/9); 801.8(4/9); МҒТАР 17.71.91  
<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.159>Н. СЕРІКБЕК<sup>1</sup>, Б.С. САРБАСОВ<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nura\_snd@mail.ru  
<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru

## ОҒЫЗ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада ежелгі дәуір әдебиетінің өзегі болып саналатын оғыз дәуіріндегі әдебиетке шолу жасалды. Сондай-ақ, түркі халықтарының ортақ әдеби жәдігері болып саналатын «Қорқыт ата кітабының» жариялануы мен зерттелуі туралы еңбектер жан-жақты қарастырылды. Осыған дейінгі «Қорқыт ата кітабының» соңғы нұсқасына байланысты жазылған еңбектерден Қорқыттың тәлім-тәрбиелік мәні зор жырлары туралы жазылған зерттеулерге баса мән беріліп, оларға дәйексөз бен сілтемелер келтірілді. Мырзатай Жолдасбеков пен Гүлім Шадиеваның қазақшаландыруымен жарық көрген «Қорқыт ата кітабы» (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі) туралы қысқаша мәлімет берілді. Осы еңбек аясында жарық көрген отандық және шетелдік зерттеушілердің құнды ой-пікірлері сараланды. Алма Қыраубайқызы мен Немат Келімбетовтың «Ежелгі дәуір әдебиеті» туралы жазылған оқулықтары назарға алынып, шағын шолу жасалды. «Қорқыт ата кітабындағы» жырларға, дәлірек айтқанда, «Тоқа баласы ержүрек Темірұл», «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат батыр» және «Алып Бамсы» жырларына тоқталып, ондағы батырлардың ерлік істеріне сараптаулар жүргізілді. Сонымен қатар, «Оғыз қаған жыры» туралы зерттеу еңбектеріне сүйеніп, ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасына сараптаулар жасалды. «Оғыз қаған жырын» зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне ұлт мұрасын зерттеушілер ретінде талдаулар жасалды.

**Кілт сөздер:** ежелгі дәуір әдебиеті, Қорқыт ата, жыр, Оғыз қаған, тәрбие.

**N. Serikbek<sup>1</sup>, B.S. Sarbasov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nura\_snd@mail.ru  
<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor  
Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru

## Educational Meaning of Literature in the Oguz Era

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Серікбек Н., Сарбасов Б.С. Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің тәрбиелік мәні // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 238–246. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.159>

### \*Cite us correctly:

Serikbek N., Sarbasov B.S. Ogyz dauirindegi adebiettin tarbielik mani [Educational Meaning of Literature in the Oguz Era] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 238–246. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.159>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.10.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

**Abstract.** The article reviews the literature of the Oguz period, which is considered the foundation of ancient Turkic literature. Additionally, studies on the publication and research of *The Book of Dede Korkut*, a shared literary heritage of the Turkic peoples, were thoroughly examined. Previous research on Korkut's didactic poems, which hold significant educational value, was highlighted, with relevant quotations and references provided. A brief overview was provided of *The Book of Dede Korkut* (including the transcription of the Dresden version, updated Kazakh text, and dictionary), published in the Kazakh translation by Myrzatai Zholdasbekov and Gulim Shadieva. The valuable insights of both domestic and foreign researchers presented in this work were highlighted.

The textbooks *Literature of the Ancient Era* by Alma Kyraubayovna and Nemat Kelimbetov were reviewed briefly. Focusing on the poems in *The Book of Dede Korkut*, namely *Toka's Son*, *Brave Temirul*, *The Poem About the Enemy's Attack on Kazanbek's Village*, *Bisat Batyr*, *Who Killed the Mighty Giant*, and *Alyp Bamsy*, the heroic deeds of the protagonists were analyzed.

Additionally, based on research on *The Oguz Kagan Song*, an analysis was conducted on its significance for national identity and the education of future generations. An analysis of the works of scholars studying *The Oguz Kagan Song* as part of the national heritage was conducted.

**Keywords:** Literature of ancient times, Korkut Ata, poem, Oguz Kagan, education.

Серикбек Н.<sup>1</sup>, Сарбасов Б.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант Қазақстанның ұлттық университетінің аға-Фараби  
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: nura\_snd@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат филологиялық ғылым, доцент

Қазақстанның ұлттық университетінің аға-Фараби  
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru

### Образовательное значение литературы в огузовскую эпоху

**Аннотация.** В статье рассмотрена литература огузовского периода, которая считается ядром древней литературы. Также всесторонне рассмотрены работы по изданию и исследованию «Книги Коркыт ата», которая считается общей литературной реликвией тюркских народов. До этого подчеркивались исследования, написанные о просветительских стихах Коркыта, имеющих большое воспитательное значение, приводились цитаты и ссылки. Была дана краткая информация о «Книге Коркыт ата» (транскрипция Дрезденского варианта, обновленный казахский текст, словарь), переведенной и опубликованной Мырзатаем Жолдасбековым и Гулим Шадиевой. В рамках данной работы были проанализированы ценные мнения отечественных и зарубежных исследователей. Были приняты во внимание учебники Алматы Кыраубаевой и Немата Келимбетова по «Литературе древней эпохи» и сделан небольшой обзор. Опираясь на стихи «Книги Коркыт ата», а именно «Сын Токи храбрый Темирул», «Поэма о нападении врага на аул Казанбека», «Бисат батыр, убивший могучего великана» и «Алып Бамсы», героические подвиги героев были проанализированы. Кроме того, на основе исследовательских работ по «Песне Огуза Кагана» были сделаны обзоры о пользе будущего нации и воспитания следующего поколения. Проведен анализ работ ученых, изучающих «Песню Огуз Кагана», как исследователей национального наследия.

**Ключевые слова:** литература древних времен, Коркыт Ата, поэма, Огуз Каган, образование.

### Кіріспе

Қоркыт – өз заманының рубасы, данагөйі, данышпаны. Оның жырлары ұлт руханиятының оянуына, әдебиеттің дамуына сүбелі үлес қосты. Қоркыт халқының қорғаны,

қолдаушысы, дүйім жұрттың жоғын жоқтаушысына айналды. Қорқыт жырлары сан-салалы мамандық иелерін тәрбиелейтін жетекші құрал. Қорқыттың артына қалдырған мол мұрасының ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы туралы зерттеу жұмысы осы мақаланың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Рухани сананың негізгі салалары болып табылатын тәрбие мен таным – бір-бірінің ажырамас бөлігі. Сондықтан, ежелгі мұралардың өскелең ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу жан-жақтылықты талап етеді. Ежелгі дәуір әдебиетіне тән түркі халықтарының төл мұрасы болып саналатын оғыз дәуіріндегі әдебиетке, соның ішінде, «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғыз қаған жырлары» тиесілі екені белгілі. «Қорқыт ата кітабының» жаңашаланған қазақша нұсқасы «Күлтегін» баспасында жарық көрді. зерттеушілердің еңбектері жүйеленіп, жан-жақтылы қарастырылады. «Қорқыт ата кітабының» қазақшаланған жаңа нұсқасының ерекшелігін зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері сараланады. Бұл ғылыми зерттеу жұмысының басты мақсаты – ұмыт болып бара жатқан ұлт мұрасын ұрпақ санасында қайта жаңғырту. Қай заманда болмасын өз құндылығын жоғалтпайтын «Қорқыт ата жырларының» тәлім-тәрбиелік, танымдық мәнін таныту. Мақсатқа жетудегі басты міндет – Қорқыт жырларындағы тәлім-тәрбиелік мәні жоғары жыр жолдарын талдай отырып, баяндау.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақаланың зерттеу нысаны – Оғыз дәуіріндегі әдебиет. Тәлім-тәрбиелік мәні жоғары жырлар ретінде «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғыз қаған жыры» негізге алынды. Зерттеу барысында «Қорқыт ата кітабының» қазақша жаңашаланған нұсқасының ерекшелігі мен осы еңбекке қатысты зерттеушілердің ой-пікірлері сарапталды. Нәтижесінде «Қорқыт ата кітабының» ұрпақ тәрбиесіне тигізер тәлім-тәрбиелік мәні жоғары еңбек екені нақты мысалдармен келтіріледі. Алма Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиет» оқулығына шолу жасалады. С.Т. Иманбаеваның «Академик Немат Келімбетовтың Қазақстан педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі» атты ғылыми зерттеу мақаласы зерделенді. Түрік ғалымы Э. Алқаяның «Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы»» атты ғылыми мақаласына, сонымен қатар, «Б.Т. Нұрیمان мен М.Е. Мауленнің ««Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі» атты еңбектері қарастырылады. Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің ұлт болашағы мен ұрпақ сабақтастығына тигізер әсерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Қазіргі кезеңде қоғам алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұста ұлтжанды, отансүйгіш, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу үшін тарихи тұлғалардың өмірінен сыр шертетін шежірелердің атқаратын рөлі мен алар орнын айқындап алу өте маңызды. Профессор С.Т. Иманбаева Академик Немат Келімбетовтің педагогика ғылымына қосқан үлесін жан-жақты зерделей келе мынадай тұжырым жасайды: «Ғалымның жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығы қазақ әдебиетінің сан ғасырлық мұрасын танып білу арқылы тұлғаның рухани кемелденуіне, зиялы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға негіз болады. Тәңірлік дәуір әдебиетінен бастай отырып, ислам дәуір әдебиеті, Алтын Орда дәуір әдебиеті, тарихи шежіре және көркемдік дәстүрлерді сан ғасырлық даму тарихын жалғастыра отырып бүгінгі ұрпаққа сабақтастықта ұсынады» [1, 148-б.].

Сонымен қатар, Алма Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиет» атты оқулық ғалымның ғылыми ізденістерінің сүбелі нәтижесі. Ол ежелгі дәуір әдебиетін 5 дәуірге бөліп қарастырады. Бірінші дәуір, б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ. Аралығын қамтитын заманымыздан бұрынғы аңыз-жырлар болса, екінші дәуір, V–VII ғғ. арасындағы Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Ал үшінші дәуір, IX–X ғғ. аралығын қамтитын Оғыз дәуіріндегі әдебиет болып табылады. Төртінші дәуір, X–XII ғғ. аралығындағы Ислам дәуіріндегі әдебиет деп атаса,

бесінші дәуір XIII–XIV ғғ. арасындағы алтын орда дәуіріндегі әдебиет деп бөледі. Ежелгі әдебиеттің алтын қазығы болып саналатын Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің тәрбиелік маңызы мен алар орны ерекше.

Демек, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін зерделеуде ежелгі дәуір әдебиетінің алар орны бір төбе. Жалпы ұрпақ тәрбиесі ешқашан шетке ысырып қоюға келмейтін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, ұрпақ – ұлт болашағы. Өткен тарихын ұрпақ санасына сіңіре отырып, келешегін кемелдендіруде тарихи жырларды оқытудың маңызы зор. Соның бір мысалы ретінде, оғыз дәуіріндегі әдебиетті айтуға болады.

Оғыз тайпасының Баят руынан шыққан дана Қорқыт қобызды алғаш жасап тартқан адам. Ол бүкіл жыру-бақылардың атасы болып саналады. Қорқыттың бастан кешкен хикаялары баяндалатын «Қорқыт ата кітабы» - нағыз қаһармандық эпос үлгісі. «Қорқыт ата кітабының» (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі) үшінші нұсқасы 2019 жылы Қазақ ұлттық өнер университеті Қорқыт Ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының басшысы Мырзатай Жолдасбеков пен осы институттың бас ғылыми қызметкері Гүлім Шадиеваның қазақшаландыруымен «Күлтегін» баспасында 2019 жылы жарық көрді.

«Қорқыт ата кітабының» соңғы аудармасы жайында бірқатар отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың бірі, Түркиядағы Фырат университетінің докторы, профессор Эрджан Алқаяның «Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы» атты ғылыми мақаласы. Бұл мақалада осы кітаптың шығу тарихы мен бұдан бұрын жарық көрген Дрезден және Ватикан нұсқаларына шолу жасайды. Қорқыт ата жырларын зерттеуші ғалымдарға тоқталып өтіп, жаңа нұсқаның ерекшелігін басып айтады. «Жаңа еңбектің ең басты, маңызды бөлігі – «Қорқыт Ата кітабы» (37–305-бб.) деген бөлімі. Бұл бөлімде жазба жәдігердің Дрезден нұсқасының транскрипциясы мен қазақ тіліне жаңашаланған мәтіні берілген. Жоғарыда да айтып өткеніміздей, М. Жолдасбеков пен Г. Шадиева жазба ескерткіштің транскрипциясын жасаумен қатар, барлық тілдік ерекшеліктерін нақты ашып көрсететіндей дәрежеде жырларды сәтті аударып шыққан.» деп өзінің оң бағасын береді [2, 93-б.].

Сонымен бірге, Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысында 2022 жылы «Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі» атты ғылыми мақаласы жарық көрді. Мақала PhD, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. Нұриман Бекарыс Тілегенұлы мен Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты Маулан Марал Есболқызының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Бұл мақалада кітаптың Дрезден және Ватикан нұсқаларын соңғы нұсқасымен салыстыра отырып, үшінші нұсқаның ерекшелігін тереңінен зерттеген. Зерттеу еңбегінде осы нұсқасында 23 нақыл сөздің бар екендігін айта келе, «Салур қазанның жеті басты айдаһарды өлтіруі» атты жаңа бір эпостың барында зерттеп шыққан. Бұл жырдың бұған дейінгі нұсқалардан өзгешелігін зерттеушілер былай келтірген: «Ол қолжазбаның 25а-бетіндегі 7-қатардан басталып, 31b-бетіндегі 5-қатарға яғни, қолжазбаның соңына дейін жалғасады. Онда әуелі Салур Қазанның Арас өзені мен Карс қаласын басып алғаны баяндалса, әрі қарай Салур Қазанның жеті басты айдаһарды өлтіргені суреттеледі» [3, 73-б.].

Профессор, доктор Ахмет Бижан Эрчиласунның «Қорқыт ата кітабының» жаңа қолжазбасы және тиісті жарияланымдар атты мақаласында жақында табылған «Қорқыт ата кітабының» Гүнбед деп аталатынын және Гүнбед қолжазбасының ерекшеліктері мен тілдік қасиеттерін жан-жақты қарастырған. «Dede Korkut Kitabı», daha kapsamlı bir eser olan Oğuzname'nin bir parçasıdır». Зерттеуші бұл еңбегінде «Bugün tek bir eser olarak elimizde bulunmayan Oğuzname içinde üç ana bölüm vardı: 1) Türklerin ve Oğuzların sözlü/ efsanevi tarihi, 2) Dede Korkut'un ve ondan sonra gelen bazı ozanların anlatıp söyledikleri boylar ve soylamalar, 3)

Dede Korkut'a atfedilen atasözleri ve çeşitli hikmetli sözler» деп келтіреді [4, 7-б.]. Яғни, «Қорқыт ата кітабы» Оғызнаманың бір бөлігі болып табылатынын, Оғызнамада кездеспейтін үш негізгі бөлім барын жазады. Олар, оғыздардың ауызша тарихы, Қорқыт ата мен одан кейінгі кейбір ақындар айтып жырлаған рулар мен тайпалар және Қорқыт атаға қатысты мақал-мәтелдер мен даналық сөздер.

Дрезден нұсқасынан қазақшаланған «Қорқыт ата кітабында» Қорқыттың сыр-сипатынан, сөз тапқыр шешендігінен көрініс беретін «Оғыз тайпасы тілінде Қорқыт атам кітабы» бөлімі ұшырасады. Мұнда Қорқытты оғыздың білгірі, айтқаны айна-қатесіз келетін, ғайыптан хабар беретін кісі деп келтіреді. Соның бір мысалы ретінде әйел адамның төрт түрлі сипатын былай деп келтіреді: «Әйелдер төрт түрлі:

Бірі – тойымысыз;

Бірі – кезбе;

Бірі – үйдің тіреуі;

Бірі – не айтсаң да бәз-баяғы (мелшиген)» [5, 45-б.].

Жырау әйелдің төрт сипаты арқылы қыздарды дана болуға, арлы болуға шақырады. Үйдің тіреуі болуға үндейді. Ашкөз болмауға, құр мелшиіп қарап отырмауға ой салады. Кербездік пен кезбеліктің кесірі туралы насихат айта отырып, ел анасы болуға, жарқын жүзді, жылы шырайлы болуға үгіттейді.

Оғыз дәуіріндегі әдебиетке тиесілі бұл кітаптың «Тоқа баласы ержүрек Темірұл» атты жырында Темірұлдың әзірейілмен жан алысып, жан беріскен қиян-кескі соғыста оның қайтпас қайсарлығы суреттеледі. Ғазиз басын жан алғыш әзірейілдің алдында да аласартпай, Алланың алдында ғана басын иеді. Соңында жанынан күдер үзіп бала-шағасымен, жарымен қоштасар сәтінде құдай қосқан қосағының Темірұлға деген жан қиярлығы екеуінің Алланың рақымына бөленіп, 140 жыл бірге өмір сүрулеріне себепші болады. Яғни жүрек жұтқан батыр болса да өмірлік серігіне қамқор болу, өзінен тараған ұрпақтарына аманат деп қарау, аманатқа қиянат жасамау және жан жарына адал болу керектігі мысалмен келтіріледі.

Ал «Алып Бамсы» жырында бір перзент сүюге зар болып жүрген Байбөрі де, Байбөрінің кебін киіп жүрген Бибіжан да «көп тілеуі көл» болып бірі ұлды, бірі қызды болады. Байбөрі ұлына Бамсы Байрақ деп ат қойса, Бибіжан қызына Банушешек деп ат қояды. Екеуі бір-бірімен бесік құда болады. Ұл ер жетіп, қыз бой жеткен тұста қызды алғысы келген гәуірлердің бегі жігітті тұтқынға түсіреді. Араға он алты жыл салып тұтқыннан гәуірдің бір қызы босатады. Қанша жыл өтсе де сертінен таймаған қыз бен жігіт қайта қауышып, мұратына жетеді. Бамсы Байрақ сертіне адал, достарына қамқор бола білді. Өз басына бостандық алған тұста қара басының қамын ғана ойламай, жау қолынан жан қияр достарын құтқарып алуды көздеді. Бұл жырлардан аңғаратынымыз дәуірдің қиян кескі тұсына қарамастан уағдаласқан жастар бір-біріне деген сенімдеріне селкеу түсірмеген. Бір-біріне деген шынайы ынтызарлық пен сүйіспеншілік, жауапкершілік, уәдеде тұру сынды қасиеттер жырдың бойында менмұндалап тұр. Осындай жырлар өсіп келе жатқан жас ұрпақты ар-намыс жолында аянбайтын, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, малын жанынан, жанын арынан жоғары бағалайтын адал да арлы етіп тәрбиелеуге зор септігін тигізері анық.

«Төбекөз дәуді өлтірген Бисат батыр» жырында Аруз батырдың баласы жаугершілік заманда жөргектен түсіп қалады. Оны арыстан тауып алады да, сүтімен емізіп өсіреді. Арыстанның бойындағы айбаты мен қайраттылығы балаға дариды. Арыстандар үйірінен кейін осы баланы тауып алып, оған Бисат деп ат қояды. Бисат жүрек жұтқан батыр болып өседі. Аруз батырдың Қоңыр қойшысы қойларын суаруға барғанда перінің бір қызын ұстап алады. Пері қызы кетерінде араға жыл салып оған аманатын әкеліп беретінін айтады. «Аманат» деп отырғаны жалғыз көзді бала еді. Осы жалғыз көзді бала жан-жағындағының бәрін жалмап отырады. Қорқыт ата келісімге келіп, оған күніне екі адам, бес жүз қой салық

төлейтін болады. Осы тұста Бисат батыр жорықтан оралып, елінің басындағы қайғы қасіретін көріп төбекөз дәумен бетпе-бет келеді. Бисат батыр төбекөз дәуден айласын асырып, ол ұйықтап жатқан кезінде жалғыз көзін ойып алады. Қыны бар қылышпен жекпе-жекке шығып оның басын кесіп алып, еліне тыныштық орнатады. Бұндай жырлар бізге берері мол. Себебі өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты елін, жерін қорғауға, ержүрек батыр болуға, қайтпас қайсар болуға, намысты, жігерлі болуға үндейді. Ел басына күн туғанда білек сыбанып алға шығатын жас өркендер өсіп шығады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жастарды жауынгерлік рухқа тәрбиелейтін жырлардың тағы бірі «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жыр» деуге болады. Бұл жырда оғыз батырларының ағасы болып саналатын Қазанбек бірде бектермен бірге аңға аттанады. Қасына қырық жігіт қалдырып, ұлы Оразға орданы тапсырады. Гәуірлердің ханы Шөкілі осы сәтті ұтымды пайдаланып, Бөрілі сұлуды қырық нөкерімен бірге қанжығасына байлайды. Нөкерлерінің адалдығы сонша «Бөрілі сұлу кім?» десе бәрі «мен, мен» деседі. Жауыз хан баламен сынамақ болып, Ораз бекті дарға асуды бұйырады. Оның мақсаты ана жүрегі ұлының өліміне дауаламас дегені блса керек. Алайда Ораз анасына былай дейді: «Қызыл бұйра нар бар жерде бота болмас па? Ақтылы қой бар жерде қозы болмас па? Өз басың сау болсын, әкем аман болсын. Сендер аман болсаңдар, мендей ұл тумас па?» дейді [6, 52-б.]. Соңында Қазанбек пен Қара Қойшыбастаған бір топ қол келіп оларды босатып алады. Бұл жырдың жастарға берері мол жыр. Ата-ананы сыйлау, үлкенді құрметтеу, ақ сүт беріп әлпештеген анасының өмірін өз өмірінен жоғары бағалау, перзенттік парызын атқару сынды тәрбиелік маңызы жоғары жыр болып саналады. Анаға деген шексіз құрмет пен риясыз көңіл жырда менмұндалап тұрады. Сонымен қатар бұл жырда Бөрілі сұлудың қасындағы қырық нөкердің іс-әрекеті жырды оқып отырған адамды сүйсінтеді. Қыз жанының нәзіктігіне, биязылығына қарамастан қыздардың қайтпас қайсарлығы Бөрілі сұлудың тағдырын оңынан шешуге мол септігін тигізеді. Өз істеріне деген адалдық, жау алдында бас имеу, сатқындық жасамау, қара бастың қамынан достық туын биік ұстау сынды қасиеттерде көп ұшырасады.

Немат Келімбетов сақтардың баға жетпес құнды дастандарының бірі болып саналатын «Алып Ер Тоңғаның» мәні мен мазмұнын зерделей отырып, түркі халықтарының арғы ата-бабасы болып саналатын сақтардың ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған шежіре деректер негізіндегі қаһармандық жырдың да тарихи құндылығын негіз етіп көрсетеді [7, 37-б.].

Орта азия мен Сыр бойында ауыздан-ауызға таралып, тек XII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында хатқа түскен аңыз-жырлардың бірі – Оғыз қаған жыры. Айқаған анадан туған Оғыз ана сүтінен бір рет қана емеді де, шикі ет сұрайды. Батыр секунд санап өседі. Қырық күн толғанда жүріп кетеді. Ержеткен шағында күн нұрынан жаралған Нұрсұлудан Ай, Күн, Жұлдыз сынды үш бала сүйеді. Бірде аң аулап жүріп көл ортасында тұрған ағаш қуысында отырған көрікті қызға көзі түсіп, оған үйленеді. Одан Көк, Тау, Теңіз атты балалар өмір есігін ашады. Алты ұлымен қанатын алты құлашқа сермеп өзі өмір сүрген дәуірде қанатын кеңге жаяды. Оғыз – еліне сүйікті басшы, қамқор хан болды. Басына іс түскенде көмек қолын созғанның бәрінің меселдесін қайтармады. Еділ суынан өтерде сал жасаған Ұлық Ордаға «Қыпшақ» деп атын қойып, сол жерді иелігіне берді. Оғыздың жоғалған айғырын тоғыз күн дегенде тауып берген кісіні бектердің бастығы етіп сайлап, оған «Қарлық» деп ат қойды. Темірлі дейтін шеберге шатыры алтын, түндігі күміс үйді ашқаны үшін «Қалаш» деп ат қойып, ризашылығын білдірді. Ал Оғыз қаған тағы бірде Бармақлық Жосын Білік деген кісі Шүршіттерді жеңген кезінде олжаларын алып жүруге арба жасап бергені үшін «Қаңғалы» деп атап, ұлан ғайыр жерді иелігіне табыстады. Елін, жерін билеген Оғыздың мәрттігіне дүйім жұрт сүйсінді. Өзі арнап берген жерге иелік еткен адамдар сол арадан өсіп-өніп, ру-ру ел болды. Жанына жақын тартқан адамдары адалынан жолығып, тәңір сүйген ұл болды. Алты ұлына жерін бөліп беріп, жұртын үлестірді. Өзінің мәрттігімен, жомарттығымен, қолы ашықтығымен, кең пейілділігімен жұртына жаға білді. Оған құдайдың

көзі түзу болып, көктен түскен көкжал бөрінің өзі жорықта жол бастап отырды. Әділ басшы бола білді. Бұндай жырлар ел қорғаны болатын ер-азаматтардың еліне адал қызмет ету керектігін тереңінен ұғындыратын ғибратты жыр.

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы мен Кумеков Болат Ешмухамбетұлының ғылыми мақаласында «Оғыз қаған жырының» тәрбиелік мәні туралы былай делінеді: «Шығармада тарихи аңыздар мен жырларда жиі кездесетін ауызбіршілік, сыйластық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сияқты ұстанымдары қамтылатын мәліметтер бар. Оғыз батысқа, шығысқа, күнгейге жасаған олжалы жорықтарынан кейін ұлы той жасайды. Алты ұлы мен бектеріне өсиет айтып, шаһарлар мен жерлерді жасаған ерліктері мен орындарына қарай үлестірді» [8, 11–12-бб.].

Оғыз қаған ата жолын қуалап, өсіп келе жатқан ұлдарына өсиет қалдырып, елі мен жұртын аманаттап тапсырады. Аманатқа қиянат жасамау, үлкенінен кішісіне қарай рет тәртіппен билік басына келе отырып, әділ де қамқор басшы болуға үндейді. Ұлдарының бойынан адам сүйсінерлік қасиетті көріп, шынайы бағасын беріп, батасын береді. Ұлан-ғайыр жерді теңдей етіп үлестіреді. Ұлдары әке бойынан көрген қасиетті өз бойларына дарытып, ел мақтанына айналады. Яғни әр бір ұрпақ тәрбиелеп отырған адам өзін тәрбиелеу арқылы балаларын тәрбиелеуі керек. Өз бойына жақсы қасиеттер мен ізгі амалдарды жинаған адам ұрпағының алдында өресі биік, мәртебесі жоғары болары анық.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Малбақұлы Құлмат Өмірәлиев туралы жазылған «Саңлақ ғалым» атты ғылыми мақаласында «Ғалым түркі халықтарының ең ежелгі фольклорлық мұрасы «Оғыз қаған» эпосы мен оның тіліне талдау жасайды. Өзінің 1988 жылы «Ғылым» баспасынан жарыққа шыққан «Оғыз қаған эпосының тілі» атты еңбегінде аталмыш эпостың елтанымдық, этностанымдық, мәдениеттанымдық, тілтанымдық қырларын кешенді түрде зерделейді» [9, 40-б.] дейді. Яғни Құлмат Өмірәлиев те ежелгі дәуір әдебиетінің өзегі болып саналатын «Оғыз қаған жырын» зерттеуде елеулі еңбек сіңірген.

Қазақ халқы ертеден ағашты киелі санаған. Ағаштың бұтағына ақ шүберек байлап, арман-тілектерінің орындалуын жалбарнып сұраған. Жаңадан өсіп келе жатқан жас ұрпақты жас шыбыққа теңеген. Жас шыбықты жұлуға, оны кесуге тиым салған. Ежелгі әдебиетте «ағаш» сөзі көптеп кездеседі. Сонымен қатар, қазақ пен қарақалпақ аңыздарында кездесетін салт-дәстүрлері мен сәйкестіктері өте көп. Барлық аңыздарда Қорқыттың бір рудың данагөйі, көрегені ретінде ұшырасады. Ш.Н. Мамедованың пікіріне сүйенсек: «Дело в том, что Коркут как в казахских и каракалпакских легендах и преданиях, так и в огузском эпосе имеет много совпадений. Коркут как в казахском и каракалпакском, так и в огузском культурном ареале является патриархом, мудрецом племени, певцом, сказителем. Он же является создателем и исполнителем легенд, преданий и сказаний, участником и главным лицом всего происходящего в эпосе. Здесь же заметим, что в сложении эпоса важное значение наряду с казахскими и каракалпакскими легендами и преданиями, большую роль сыграл «Огузнаме», т.е. «Сказание об Огузе» дейді [10, 22-б.].

Мысалы, «Қорқыт ата кітабында» кездесетін «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жырда» Қазанбек артынан ермек болған Қара Қойшыны қара ағашқа байлап кетеді. Осы тұста қара ағашты тамырымен қопарып жұлып алған Қара қойшы Қазанбектің соңынан бір елі қалмай ақыры көздеген мақсатына жетіп, Қазанбектің рахымына бөленіп, жорыққа бірге аттанады. Гәуірлер тұтқында болған Ораз бекті дарға аспақшы болады. Ол дар ағашына қарап тұрып былай дейді: «Атың ағаш десем шамданба, ағаш. О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған, Ағаш. Құдаймен тілдескенде Мұсаның асасы болған, Ағаш. Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған, ағаш. Зұлпықарға сап болған, ағаш. Хасан мен Хұсайынға бесік болған, Ағаш. Ерге де, әйелге де қатар болған, Ағаш. Мені саған асар болса, құлап түс, ағаш» деп ағаштан медет сұрайды. Оны Алма Қыраубайқызы өз зерттеу еңбегінде былай түсіндіреді:

«Ораздың ағашқа қарап сөйлеу себебі, ежелгі түріктердің ішінде Қыпшақ ата ағаштың қуысында туған. Содан түріктер ағашты қасиетті санаған»[6, 54-б.] Яғни ата жолын қуған әрбір бала салт-дәстүрді жадынан шығармау керектігі, жаны қыл үстінде тұрса да жақсылықтан күдер үзбей, мол сенім арту керектігі де кеңінен қарастырылады. Дәл осы «ағаш» сөзі «Оғыз қаған жырында да» ұшырасады. «Тағы да аң аулап жүріп, бір көлдің ортасында ағаштың қуысында отырған көрікті қызды көреді» [6, 58-б.] деп келтіріледі. Қыпшақ атаның ағаштың қуысында өмірге келуі, қыздың ағаш қуысында отыруы кездейсоқтық емес. Мұнда астарлы философиялық мән жатыр. Демек, бұл жырларда ағаштың қуысы алланың көзі түзу, мейірімі түскен адамдар ғана отыратын киелі жер болып саналады. Киелі затқа табыну, сыйыну ежелгі дәстүрлердің бірі. Мұндай қалыптасып қалған әдет-ғұрып пен салт дәстүрлер табиғат ананы аялауға, көкті жұлмауға, қастерлеуге үндейді.

### Қорытынды

IX–X ғғ. аралығын қамтитын Оғыз дәуіріндегі әдебиеттің халықтың өшпес мұрасы екені даусыз. Сонымен бірге ауыздан ауызға таралып жеткен жырлардың ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. «Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасының ерекшелігі мен қазақша жаңашалануы туралы отандық және шетелдік зерттеушілердің баса назар аудару бастағанын көруге болады. Ғалымдардың зерттеуіне негіз болған бұл еңбектің бабалар жолын жалғап, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тигізер пайдасы орасан зор. Есте жоқ ескі заманнан бері халық жадында сақталып келген асыл қазынамыз болып саналатын байырғы жырлардың қай-қайсысының да ұлағатты ұлт болып қалыптасу жолында атқаратын рөлі ерекше. Сол зманда да ата-бабаларымыздың ел болып қалыптасу жолында, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мақсатында батырлық жырлар мен ғибратты жырларды жыраулар арқылы ел арасына көптеп таратқаны байқалады. Қазіргі таңда жас ұрпақтың бойында арлы да ұятты, қайырымды, мейірімді де еңбекшіл болуға тәрбиелейтін еңбектерді сіңіру біздің басты парызымыз. Сол үшін мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт бейнесі де, Қорқыт жырлары да санамызда мәңгі жаңғырып тұруы тиіс. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт жырларында халықтың кесір мінезін аяусыз сынайды. Халықты қараңғылықтан, кемшілік атаулыдан пәк болуға үндейді. Ол өз жырлары арқылы барша халықтың тура жолдан адаспай, елі үшін, жері үшін аянбай тер төгуге үгіттейді. Қорқыт ата кітабы жастарды жауынгерлік мінезге, қайсар рухқа, отанға, елге қызмет етуге насихаттайтын туынды. Сонда ғана біз оның ғасыр алдындағы келбетін айқындап, болмысын барша әлемге паш еткен боламыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иманбаева С.Т. Академик Немат Келімбетовтің Қазақстан педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1. – Б. 140–150. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.043>
2. Алқая Э. Қазақ тілінде жаңашаланған «Қорқыт ата кітабы» // Turkic Studies Journal. – 2020. – №3. Volume 2. – Б. 91–95.
3. Нұрیمان Б.Т., Маулен М.Е. «Қорқыт ата кітабы» үшінші нұсқасының ерекшелігі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2022. – №2. – Б. 69–77.
4. Ercilasun A.B. Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nüshası Ve Üzerindeki Yayınlar // Milli Folklor. – 2019. – Vol. 16, №123. – S. 5–22.
5. Жолдасбеков М., Шадиева Г. Қорқыт ата кітабы (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі). – Астана: Күлтегін, 2019. – 688 б.
6. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. – 130 б.
7. Келімбетов Н. Түркі халықтарының әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
8. Ташқараева Ә.М., Кумеков Б.Е. «Шежіре-и-тарақиме» шығармасындағы ауызша тарих дәстүрі: деректемелік талдау және тәпсірлеу мәселелері // Отан тарихы. – 2022. – №4 (100). – Б. 5–15.
9. Малбақұлы М. Саңлақ ғалым // Тілтаным. – 2021. – №1. – Б. 37–43.



10. Мамедова Ш.Н. Фольклорно-мифологическое происхождение «Коркыт-ата» и его трансформация в «Китаби-деде Коркуд» // Эпосоведение. – 2022. – №1. – С. 18–33.

#### REFERENCES

1. Imanbaeva S.T. Akademik Nemat Kelimbetovtin Qazaqstan pedagogika gylymynyn damuyna qosqan ulesi [Academician Nemat Kelimbetov's contribution to the development of Kazakhstan's pedagogic science] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №1. – B. 140–150. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.043> [in Kazakh]
2. Alkaia E. Qazaq tilinde janashalangan «Qorqyt ata kitaby» [“Korkyt ata book” updated in Kazakh] // Turkic Studies Journal. – 2020. – №3. Volume 2. – B. 91–95. [in Kazakh]
3. Nuriman B.T., Maulen M.E. «Qorqyt ata kitaby» ushinshi nusqasynyn ereksheligi [The feature of the third edition of “dede Korkut book”] // Eurazia gumanitarlyq institutynyn habarshysy. – 2022. – №2. – B. 69–77. [in Kazakh]
4. Ercilasun A.B. Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nushası Ve Uzerindeki Yaiynlar [New Copy of Dede Korkut Book and Publications] // Milli Folklor. – 2019. – Vol. 16, №123. – S. 5–22 [in Turkish]
5. Joldasbekov M., Shadieva G. Qorqyt ata kitaby (Drezden nusqasynyn transkripciasy, qazaqsha janashalangan matini, sozdigi) [“The Book of Korkyt Ata” (transcription of the Dresden version, updated Kazakh text, dictionary)]. – Astana: Kultegin, 2019. – 688 b. [in Kazakh]
6. Qyraubaiqyzy A. Ejelgi adebiet [Ancient literature]. – Almaty: Al-Farabi, 1996. – 130 b. [in Kazakh]
7. Kelimbetov N. Turki halyqtarynyn adebi jadigerlikleri [Literary relics of the Turkic peoples]. – Almaty: Raritet, 2011. – 432 b. [in Kazakh]
8. Tashqaraeva A.M., Kumekov B.E. «Shejire-i-tarakime» shygarmasyndagy auyzsha tarih dasturi: derektemelik taldau jane tapsirleu maseleleri [The tradition of oral history in the work “Shezhire-i-tarakime”: issues of documentary analysis and interpretation] // Otan tarihy. – 2022. – №4 (100). – B. 5–15. [in Kazakh]
9. Malbaquly M. Sanlaq galym [Foolish scientist] // Tiltanym. – 2021. – №1. – B. 37–43. [in Kazakh]
10. Mamedova Sh.N. Folklorно-mifologическое происхождение «Korkyt-ata» i ego transformacia v «Kitabi-dede Korkud» [Folk-mythological origin of “Korkyt-ata” and ego transformation in “Kitabi-dede Korkud”] // Eposovedenie. – 2022. – №1. – С. 18–33. [in Russian]